

«ШАҢЫРАҚ» ЭТНОМӘДЕНИ КОНЦЕПТІСІНІҢ КОГНИТИВТІК МОДЕЛІ

Ұлттық дүниетанымда киіз үй космостық және өлеуметтік өлемінің кіші моделі ретінде танылады. Киіз үйдің мағыналық формасы және оның жеке элементтері қазақтың діни-мифологиялық сенімімен, семиотикалық табиғатымен ұштасып жатыр. Оның құрылымы кейінгі ұрпактың архитектуралық құрылыш тәжірибесінде кенінен қолданылып, жеке элементтері тұракты баспаанаға ауысқан. Ал киіз үйдің ішкі кеңістігінің сокралдылығына байланысты қалыптасқан этикет нормалары өлі күнге дейін сақталған. Қөпғасырлық эволюциялық процесті басынан кешірген бұл баспаана қазақ халқының тұрмыстыршылігіне, дүниетанымына зор әсерін тигізді. Сондықтан да киіз үйді өлемдік өркениеттегі ұздік құбылыстардың қатарында лайықты орын тепкен көшпелі мәдениеттің қайталанбас феномені ретінде атауға болады.

Қандай да бір концептіні талдау барысында ұлттық мәдениеттің ақырат дүниедегі орнын, оның даму қалпын тани түсетініміз белгілі. Тіліміздегі этномәдени концептінің негізгі көрсеткіші ретінде, ұлттық дүниетанымда ерекше орын алатын, киіз үйдің *шаңырақ* элементін көрсете ала-мыз. Киіз үйге қатысты бұл атау қазіргі казақ тілінде кездесетін тұракты оралымдарда «киіз үйдің негізгі құрылымдық элементі» деген бастапқы мағыналық сипатпен қатар, ерекше ұлттық

мәдени ақпаратты да білдіреді. Сол себептен киіз үйдің құрылымдық элементін когнитивті тұрғыда қарастыру барысында, *шаңырақ* ұфымын өзара танымдық аспектіде зерделей келе, оны этномәдени концепт деп қабылдаймыз. *Шаңырақ* ұфымының концептілік деңгейі халқымыздың тарихынан, дүниетанымынан, этикетінен, әдет-ғұрпынан мол хабар беретін *шаңырақ* құру, (өз алдына жеке үй болу, отбасын құру), қара *шаңырақ* (ұлкен үйдің иесі) т.б. когнитивтіктерінен байқалады.

Шаңырақ – казақ халқының құнделікті тіршілігінде, мәдени өмірінде ерекше орынға ие болуымен қатар, ол ұлттық санамызыда сан түрлі танылышып, тілімізде де өзіндік көрінісін тауып келеді. Негізінен, тілдік ұжым *шаңырақты* ең алдымен киіз үйдің құрылымдық бөлігі ретінде қабылдалап, одан соң ақырат дүниені, коршаған ортаны тану арқылы оған жақын мағыналармен байланыстырып танымдық, тілдік тұрғыда интерпретациялады.

Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп ұстап тұратын құлдіреуштері бар дөнгелек шенбер [1, 137]. Ал тілдік тұрғыда *шаңырақ* сөзі – *шаң* және *қарақ* түбірлерінен біріккен туынды сөз. Көне түркі сөздігі бойынша *шаң* түбірі – «тан шапағын» [2, 139], ал *қарақ* түбірі – «көз, қарашық» дегенді білдіреді [2, 425]. Сонымен, көне түркі

тілдеріндегі *шаң* – қазіргі «тан ату», «тан қылан берді» тәрізді тіркестерде кездесетін *таң* сөзімен мағыналас түбір. Яғни *шаң* түбірі мен *таң* түбірін біртекtes деп тануға болады. Сондай-ақ *жарық*, күн тәрізді мағыналық ренк беретін *таң// шаң// шам* ортақ түбірлерді айтып етуге болады. Осылардың ішіндегі тілімізде *шам* сөзімен жиі кездесетін «*шам жамырады*» деген фразеологизміне тоқталғымыз келеді. Бұл тіркес қас қарайып, қараңғылық тұсу мағынасын білдіргенімен, мұндағы негізгі уәж күннің ұсына қарай батуы болып тұр, яғни күн сәулесі шашырап, өзінің ұсына қашып бара жатқан бейнені елестетеді. Ал көне тілімізде сакталып қалған *қарақ* түбірі «ұрыны қаракшы қарақтапты» тіркестерінен *аңдуды*, *қарауылдауды* аңғартып, қазіргі тілімізде «*қырағы* қия жазбас» (мағынасы – өте сақ), «*қырағы* көз» (мағынасы – байқағыш, көргіш) сияқты идиомалық тіркестерден *откір* көзді түсіндіретін *қырағы* сөзімен төркіндес деп тұжырымдаймыз. *Қарақ// қырағы* түбірлері *көру*, *байқау* мағынасын үстейтін біртекtes түбір. Сөзімізді академик Ә. Қайдардың этимологиялық талдауымен тұжырымдағымыз келеді. Ғалым *шаңырақ* сөзінің түбірі *шаң* сөзі деп, сөзбе-сөз мағынасы «жарыққа қарау» екенін айта келіп, оны мынадай бөліктерге бөледі: *шаңырақ* < *шаң* + (қ) *ар* + *ақ* [3, 272].

Киіз үйдің басқа бөліктеріне қарағанда шанырақ қазак тұрмыс-салтында ерекше түсініктерге ие. Халық тұрмысында қалыптасқан түсініктер көбінесе уақыт өте келе ұлттық символдарға ұласатынын есепке ала отырып, *шаңырақтың* символдық мәнділігін мынадай дәйектемелер арқылы келтіргіміз келеді:

- киіз үйдің тозған басқа бөліктері ауыстырылғанымен, шанырақ ешқашан ауыстырылмайды. Қазактарда ұрпактың соңғы өкілі дүние салғанда, оның зиратының басына шанырақты қалдырады;

- киіз үйдің кереге, уық, есік секілді басқа бөліктеріне қарағанда жалғыз шанырақ қана жиналмайды, әрі құрылғанда дайын күйінде қойылады;

- жаугершілік замандарда отбасы мүшелері киіз үйлерін тастап кетуге мәжбүр болғанда тек шанырақты ғана өздерімен бірге алып жүретін болған;

- шабак шанырақтың қак ортасы «+» таңбасы секілді құлдіреуіштер арқылы бір-бірімен айқаскан. Бұл бір жағынан шанырақтың беріктігін камтамасыз етсе, екінші жағынан төрткүл дүниені

төрт бөлікке теңдей бөлген көне түркілік ұғымды білдіреді;

- жұрт жайлауға немесе қүзеуге көшкенде түйеге киіз үйдің ағашын тендер, үй киіздерін қомдап, ен үстіне шанырақты байлап, сол түйені жетектеп көш бастайтын болған. Түйенің осы қызметіне орай болса керек, халық тілінде бұл жануарды «*шаңырақ түйе*», «*шаңырақ салар*» деп атайды. Шанырақ жүктелген түйе көш сонында жүрмейді. Мұның өз алдына символдық мәні бар.


Халқымызда қалыптасқан дәстүрлі таным бойынша, шұғыл шаруамен кіріп-шығуға ғана келген адам болса да міндетті түрде шанырақты сыйлап, тізе бүтуі тиіс. Яғни, үйдің жанынан өтіп кетпей, тоқтап үйге кіріп шығуы, үй ішіндегілерге амандастып, хал-жағдай сұрасуы – қазақтың жазылмаған зандылығы. Сонымен қатар ертеде бір адам өлсе сол үйдің шанырағына қара ту тігетін болған. Ауылдың маңайынан өтіп бара жатқан кіслер қара туды көріп, сол үйдің қайғыға ұшырағанын түсіне берген. Осы жағдаятқа байланысты қалыптасқан тіліміздегі «*шаңыраққа қара ту тігілді*» деген прецедентті мәтін өлім концептіне арқа болады [4, 20].

Шанырақ ұғымының ұлттымызға тән дүниетаным, наным-сенім, салт-дәстүр секілді мәдени факторлардағы алатын орны ерекше. Өйткені тілімізде «*шанырақ*» лексемасына қатысты лексикологиялық, фразеологиялық, паремиалогиялық бірліктер мен прецедентті мәтіндер киіз үйдің басқа құрылымдық бөліктеріне қарағанда көп кездеседі.

Шанырақ ұғымы ең алдымен, өзінің тарихи болмысының түрлі қасиеттері негізінде мәдени концепті жасауға қатысады. Сондай-ақ *шанырақ* лексемасына қатысты тіліміздегі тұрақты тіркестерді және көркем мәтіндер мен мерзімді басылымдардағы қолданыстарды саралай келіп, қазақ дүниетанымындағы «*ШАҢЫРАҚ*» этномәдени концептін бірнеше микроконцептіге бөліп қарауға болатынын байқадық. Олар: 1) «*Шанырақ – баспана*»; 2) «*Шанырақ – отбасы*»; 3) «*Шанырақ – кіші өлем*»; 4) «*Шанырақ – обсерватория*».

«Шанырақ – баспана» микроконцептісі. *Шанырақ* ұғымы сойлеу тілімізде және көркем мәтіндерде берілетін түрлі тілдік оралымдар арқылы «*үй, баспана*» мағынасын білдіреді. Мысалы:

Бір шаныраққа келіп қонып отырғанда Қодар тілеулем бір кемпір ұстап алып мойнын бұрып, шыныңды айт, Қозы қайда дейді (М. Әуезов). *Кара-жан бұған сәл жылы қабақ білдіріп, баласына қарап:*



— Бұл байгүсты өлі шаңырактан шыгарман па едіңдер? — деп еди, Әзімбай шешесінің емеурінің ұнатпай, қырыс сөйлемеді: — Мен шыгарам ба? (М. Әуезов). Мұнда шаңырақ сөзі «үй» ұғымы ретінде қолданылып тұрғанын анғаруға болады.

«Шаңырақ – баспана» микроконцептісінің құрылымдық элементтері – шаңырагына шоқ орнату || шаңырагын ортасына түсіру || шаңырагына қобыз ойнату (тарту), қара шаңырақтан қан жаудыру, шаңыраққа қара, қара шаңырақ, шаңырақсыз т.б. тілдік бірліктер.

Әлемдегі барлық халықтар үшін «үй», «баспана» ұғымы киелі, қасиетті орынға ие екені белгілі. Ал қазақ дүниетанымында үйдің киелігін, үйге деген күрметтің қара шаңырақ, шаңыракқа қара тіркестері арқылы анғаруға болады. Қазақ халқының шаңыраққа қара деген тілдік оралымының мәні – асып-тасып сөйлеген, өрескел қылыш көрсеткен жөнсіз адамға «кімнің үйінде отырғанынды біл» деген ескерту. Бұл тіркес кең сахараны сонау заманнан бері мекен еткен үлтывымыздың өзіндік мәдениет пен белгілі бір этикет нормаларының болғанын байқатады.

Қара шаңырақ тіркесін талқылайтын болсақ, жалпы шаңырақ атадан әкеге, әкеден балаға,

соның ішінде отбасындағы кенже үлға мирас болар, үлкен үй мағынасында қолданылатын түркі әлемінде – мәдениеті мен дүниетанымында өте бір маңызды да, мәнді концептілер құрамына енеді. Оның дөңгелек формасының өзі символикалық белгілер жүйесінде шексіздік, үрпақ жалғастығын білдіретінін де айта кеткен жөн [52, 80].

Қазақ халқының отбасындағы үлдардың әкеден қалатын еншісі – малдан, әкенің дәулетінен және үйден құралады. Кенже үл әкесінің орнын басып, оның мал-мұлкі, дәулетімен қоса, киіз үйін де мұраға алады. Мәселен, Үлкен үлдың сыбагасына еншіге қоса көш бастау тиетін, кіші үлге қара шаңырақ тиетін, ортанишылары малдан гана енші алатын (С.Мұқанов). Сондықтан кенже үл шаңырақ иесі болып есептеледі. Оған қара шаңырақ иесі деп те қоса қолданады.

Киіз үй тозғанда басқа бөліктегі ауыстырылып, шаңырақ ешқашан ауыстырылмайды дедік. Соған байланысты ошақта жанған оттың түтінінен шаңырактың түсі күнгірттеніп, кап-қара түске боялады. Үрпактан-үрпаққа берілетін шаңырактың «қара шаңырақ» аталуы sodan деген халықтық пікірлер де бар.

Улкен ұлдары еншілерін алып, ата-аналарынан бөлек шықса, қара шаңыраққа кенже ұлы ие болып қалады. Кенже ұл әкесінен қалған дүние-нің барлығына мұрагер болғандықтан «шаңырак иесі», яғни сол үйдің иесі атанады. Улкен ұл мен кенже ұлдың материалдық және рухани жағынан құқылары белгіленіп, дүние-мұліктедін бұлай бөлінуі – казак халқының мындаған жылдар бойы қалыптасқан даналығының белгісі.

Қазіргі таңда қара шаңырақ тіркесі халқымыздың дәстүрін көрсететін тұрмыс-салттық жағдайда ғана емес, қоғамның басқа да салаларында қолданылады. Мәселен, *тіл білімінің қара шаңырагы* деген тіркестен тіл ғылымында жоғары білім мен біліктілікті сақтап, оны үлкеннен кішіге мирас етіп қалдырып отырған киелі орын екенін түсінеміз.

«Шаңырақ – отбасы» микроконцептісі. Шаңырақ ұғымы халқымыздың танымында киіз үйдің күмбезді сүйегі ретінде қабылдануымен қатар, таным, ақпарат, ойлау секілді ұғымдық категориялары арқылы жүзеге асатын сөйлеу тілінде «отбасы», «әулет» мағынасында қолданылады. Шаңырақ – зат есебінде, киіз үйге тән мұлік. Ұықтың басын біріктіріп тұратын – шаңырақ. Бейнелеп айтқанда, *шаңырақ – әке, уық – шеше, ал кереге – балалары*. Бұл өзара толықтырып тұратын символдық тенеулер казактың дүниетанымында отбасы дегенді білдіреді. Мысалы:

Жидебайдагы жиын, Шұбардың «қарашиғыны» жөнінде де, Құнанбай балаларына жат ажар көрсеткен жоқ. Бірақ көп шығынды, көп шаңыраққа болу оңай да болған жоқ (М.Әуезов). *Абай түн бойы өзі араласып отырып бар кедейден қарашиғынды алғызып тастап, өңшең аукатты шаңырақтарға салғызы*. Кедей атаулының көп малы өзіне қайтты (М. Әуезов). Бұл сөйлемдерде шаңырақ лексемасы «отбасы» ұғымын алмастырып тұр.

Халқымыздың шаңыраққа байланысты отбасылық ырым-жоралғылары көптең кездеседі. Қазактардың дүниетанымында шаңырақ пен әйелдердің нәресте әкелу, үрпақты болу қабілеті арасында байланыс жатыр. Егер бала тұрмай, туа салысымен өле беретін болса, онда жеті кара тасты ақ киізге орап, оны шаңыраққа іletін болған. Бұл ырым қарақалпактарда да кездеседі. Ал егер аман-есен босанса, соңынан оны киіз үй табалдырығының астына кометін болған. Нәрестенің алғашқы қырық күнінде, сүйегі тез қатайсын деген ниетпен анаға арнайы сойылған қалжаның мойын омыртасын шаңыраққа іліп қояды. Қазақ-

тар жана туылған нәрестенің шетінеудін албастының немесе алып қарақұстың кері іс-әрекетімен байланыстырыған. Әйел босанып жатқанда албасты шаңырақтан кіреді, қарақұс та шаңырақ арқылы кіріп, нәрестенің жаңын алып кетеді. Жаңа туылған нәрестені қарақұс алып кетпеу үшін, оны жөргекке орап, жіппен байлайды да, жеті киіз үйдің шаңырағы немесе жеті қарияның тақымының арасынан өткізеді. Нәресте мен жаңа босанған әйелді албасты мен қарақұстан аман сақтау үшін алғашқы күндері шаңырақтың түндігін жауып қоятын болған [5, 21-23].

Ұлттық сана-сезім, дүниетаным, тәлім жағынан келгенде, **шаңырақ** – *үй, отбасы, әулет*, одан жоғары халық ұғымын беретін, казак жүртіның өсіп-өнү үйіткісін, дәстүр мен тәрбиесін, біртұтас бірлік-тірлігін білдіретін рухани-философиялық көркем балама.

Ұлттық дүниетанымда шаңырақ ұғымы «отбасыдан» басталып, «туған жерге», «Отанға» ұласып, жоғары патриоттық сезімді үстейтін мағынамен де баламаланады. Ол *алтын шаңырақ* тіркесі арқылы беріледі. Мысалы: *Самалда самғап жасырап, Шабыңдар, кәне бағландар. Ақ бесік, алтын шаңырақ, Өзінде жүрсек не арман бар* (F. Қайырбеков).

«Шаңырақ – отбасы» микроконцептісінің құрылымдық элементтері – *шаңырагы құлау, шаңырақ қөтеру, шаңырақ құрган, шаңырагы биік болсын, шаңырагы шайқалмасын* т.б. тілдік бірліктер.

Қазактың мәдени-тілдік ұжымы үшін ақырат дүниедегі шаңырақ ұғымы бейбітшілік пен бақыттың, татулықтың белгісі ретінде отбасының, Отанның мұрасын бейнелейтін ерекше символдық таңба болып танылады. Оны тіліміздегі *бір шаңырақтың астында болу сөз оралымы, «Шаңырагың шайқалмасын!», «Шаңырагың биік болсын!»* бата-тілектері арқылы байқауға болады. Мәселен, *бір елдің болашағы, татулығы үшін қажырлы еңбек еткен сан түрлі ұлттарға қатысты бір шаңырақтың астында өмір сүреді* деп айтты, отбасының, кең мағынада Отанның бейбіт-береекесі, бақыты үшін *«Шаңырагың шайқалмасын!», «Шаңырагың биік болсын!»* деп тілек айтты. Сондай-ақ Қазақстанның мемлекеттік нышандарының орталық элементтіне, казак жүртшылығын халықаралық аренада таныту үшін даярланатын түрлі символдық заттарға *шаңырақты* өрдайым бейнелеп отыратынын айттуға болады. Атап айтқанда, елбасымыздың 2006 жылғы иннаугурация-

сында қолына ұстаған асатаяғында (Надырбек Жәэрениевтің авторлығымен орындалған), халқымыздың тарихи дәстүрін, ұлттар ынтымағын дәріптейтін монументтер мен ескерткіштерде, «Жас қанат», «Шәкен жұлдыздары» секілді т.б. ұлттық фестивалдардың кішкентай мүсіндерінде негізгі элемент ретінде қатысатын шаңырақ бейнесі еліміздің басты символы екенін дәлелдейді.

«Шаңырақ – кіші әлем» микроконцептісі. Шаңырақ шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке апаратын жол іспеттес. Қазақ танымында шаңырақ шенберіндегі күлдіреуіштің крест түрінде бір-бірімен тоғысуы – онтүстік, солтүстік, шығыс, батысқа карай созылған төрт атыраптың бағытын білдіреді. Қошпенделер шаңырақ арқылы күн сөулесінің киіз үйдің ішіне түсіуіне ерекше мән берген. Сондықтан да болар, жаңа түсken келін күн шықпай тұрып, күннің шығуымен бірге шаңырақ үстіндегі тұндігін түсіруге міндетті болған. Сондай-ақ, егер киіз үйге жоғарыдан тәмен қарасаңыз, онда шаңырақ күнге, ал уық-кере-гелері оның сөулелеріне үқсас. Халық санасындағы нұр жауып тұрған аспанға ұмтылу идеясы киіз үй құрылышынан да өз көрінісін табады. Мысалы: *Асу-асу белдерді қоктеп от. Керегелерің қоқжиеекке дейін кеңейіп, қасиетті шаңырақта-рың қокке жетсін*» деген абзал бабадан қалған асыл сөздің небір қиян-кескі шайқастарда мұқалмай, қайта гасырлар бойы аңсанған тәуелсіздік мұратына жеткізег бірден-бір құнды құрал ретінде сақталып келуінде зор сыр жатқан жоқ па!

(«Егемен Қазақстан» газеті).

Тіліміздегі поэтикалық фразеологизмдерді этномәдени қырынан жете зерттеген ғалым Г. Сағидолда бұл мәселені былайша қорытындылайды: «Көшпелілер дүниетанымында Киіз үй – ғаламның кіші бейнесі (микрокосмос): Шаңырақ – Жер-Жаһаның үстінен төңкеріле төңген Көк әлемінің кішірейтілген көшірмесі. Шаңырақтың шенберіне доғаша иілдіріп әкеліп косылған күлдіреуіш – «Фарыш пен Адам бірлігін» бейнелейтін «шенбердегі айқаскан тұзулер». Шаңырақ және оның көздеріне қаламдала енген уыктар – «Жер-Жаһанды жарықтандырып тұрған күннен таралған сөулелер»; Шаңырақ пен уыктар бірігіп келіп – «ғарыштық кеңістіктің» дәнгелене жайылатын кереге – «далалық кеңістіктің» символдары болмак...

Шенбер – «күпия сыр бүккен Белгісіздіктің, шетсіз-шексіз Кеңістіктің, мәңгілік өлшеусіз

Уақыттың көшпелілер санасында қалыптасқан таңба-белгісі» десек, «ұрпақ жалғастығын», «ру-тектика өміршенділігін, я болмаса токтауын, тоқырауын, жоғалуын, жойылуын» бедерлейтін символдық мағынаға қазақ түсінігінде шенбер формалы шаңырақ ие. Үш-үштен айқастырылып қосылған 6 тұзу сызықтың (кулдіреуіш) 1 шенбер бойына (шаңырақ шенбері) тоғыстырылуы – жеті атанаң бір шаңырақ астынан өрбіл өнген ұрлагының бірлігін, яғни бір рұлы елдің тектік бірлігін көрсетеді» [6, 117].

«Шаңырақ – кіші әлем» микроконцептісін «шексіздік» концептісімен байланыстыра карастыруға болады. Қошпенделер философиясы әлемнің шексіздігін шаңырақ тоғынының шенберлі формада берілуімен байланыстырыған деп пайыздаймыз. Себебі төрт маусымның айналып, қайта оралып тұруында шексіз әлемнің мәні бар екенін жете түсінген қошпенделер баспанасының ең жоғарғы бөлшегін шенберлеп, ондағы күлдіреуіштерді төрт жакқа қадау арқылы төрт маусымды (қоқтем, жаз, күз, қыс), төрт атырапты (онтүстік, солтүстік, шығыс, батыс) мензегісі келгендей. Ал шаңырақты шенбермен байланыстыратын болсақ, тілімізде *шаңырақтай, шаңырақ мүйіздей* деген лексикалық бірліктер заттардың домалақтанып келген формасын суреттеуге катысады. Мысалы, *Тек бір тар жерге үшегі бірдей қарбаласып, қақтығып қалғандықтан, алдыңы екі ешкі секіріп кеткенде, қос мүйізі шаңырақтай қартаң құлжас енді секіргелі қамданған еді* (М. Әуезов).

«Шаңырақ – обсерватория» микроконцептісі. Киіз үйді жыл он екі ай пана еткен көшпенде халық шаңырақ арқылы аспан әлемін тамашалап, астрономиялық тұрғыда зерделеп, уақыттың жылжуын, жыл мезгілдерін айыруын, күн мен айдың қозғалысын, көптеген жұлдыздардың туатын және бататын кездерін және олардың көрінетін орындарын жақсы білген. Мәселен, Үркөр шоқжұлдызы арқылы жыл мезгілдерін анықтап отыратын халқымыздың танымы бойынша, ашық шаңырақтан (яғни, аспанның қақ ортасынан) Үркөр көрінсе, қыстың басталғанын, ал қараңғы түсерде жерге таяу (төменнен) көрінсе, жаз мезгілінің басталғанын аңғартады. Бұған дәлел ретінде халық аузында жүретін мына өлең сөздерін келтіруге болады:

Үркөр үйден көрінсе,
Үш ай тоқсан қысың бар.
Үркөр іңірде жамбасқа келсе,
Жаз шықпаганда несі бар.

Ал шаңырақ арқылы жұлдыздардың Темірқазықты айналып қозғалғанына қарай түнгі уақытты айыруға және шаңырактан киіз үйдің ішіне «Х» белгісі тәрізді түскен көленкесі бойынша күндізгі уақытты ажыратуға мүмкіндік туады. Сондай-ақ М.С.Мұқановтың пікірінше, шаңырак киіз үйдегі сағат іспеттес болған. Оның күлдіреуіштері минуттарды белгілеп тұратын сағаттың бағыттарына ұқсайды. Үйдің түтін шығатын шенберіне жарық түскенде әйелдер сиыр сауды, ал күннің сөүлесі тәрдегі тәсектің ортасына келгенде түскі уақыттың болғанын білдіреді және т.с.с. [7].

Шаңырак – нағыз обсерватория, ол арқылы жыл бойы аспан әлемін тамашалап, жұлдыздардың қозғалысын қадағалап, қызықты бақылаулар мен қорытындылар жасайды. Ал халық тұрмыс-тіршілікте күнделікті ауа райын киіз үйде отырып шаңырақ арқылы бақылап отырған. Мәселен, *Абай кітап оқыса да, тыстағы күнніңрайын анда-санда шаңыракқа карап, жсі барлайды.* Таңертекі шайдан бері *кіріп, шыбын жүрген Зылиқадан екі рет: күн қалай? бұлт қалай? күн ашылатын реңі бар ма?* – деп сұрай берген (М. Әуезов).

Шаңырақ арқылы киіз үй ішіндегі адамдар ай мен жұлдыздар секілді қасиетті аспан денелерін жақыннан сезінеді. Қазак халқында *Үркөр, Жеті қарақашы, Темірқазық* тәрізді жұлдыздар туралы аныздардың көптеп кездесетіні осыған да байланысты болар. Аспан әлеміндегі жұлдыздардың орын тәртібі мен маусымға қарай ауысу құбылыстарын, ай мен күннің қозғалысын шаңырақ

арқылы бақылап, қадағалап оған байланысты сенімдерді, тұжырымдарды құнделікті тіршілікпен үйлестіре білу көшпелі мәдениетке тән қасиет деп түсінеміз.

Сонымен халық танымында **шаңырақ** тарихымызды, тұрмыс-салттымызды дәріптейтін баспа-наның құрылымдық бөлшегі ғана емес, ол отбасының, кең мағынада Отанның татулығын, ауызбіршілігін, бақытын, білдіретін символдық таңба, әлемнің шексіздігін бейнелейтін заттық көшірме, аспан әлеміндегі геофизикалық құбылыстарды бақылайтын астрономиялық құрал деп ұғынылады.

ӘДЕБІЕТ

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Ғылым, 1986. 10-т.
2. Древнетюркский словарь. Л.: Наука, 1969. 676 с.
3. *Кайдар А.Т.* Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алматы: Арыс, 2005. 304 с.
4. *Әмірбекова А.Б.* Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі: фил. ғыл. канд. дис.: 10.02.02. Алматы, 2006. 107 б.
5. *Каракузова Ж.К., Хасанов М.Ш.* Космос казахской культуры. Алматы: Евразия, 1993. 82 с.
6. *Сагидолда Г.* Қазақ және монгол халықтарының ғаламдық кеңістікті «шенберлей» игеруінің тілдегі көрінісі // Тілтаным. 2003. № 2. 116-121 бб.
7. *Мұқанов М.С.* Жилище и жизнеобеспечение этноса // Изв. НАН РК. Сер. обществ. наук. 1994. № 1(193). С. 3-11.

Резюме

Рассматривается когнитивная модель этнокультурного концепта «Шаңырақ».